

Ішкі істер органдарының кадрында тұрған және арнаулы әскери атағы бар қазақ республикалық "Динамо" дене тәрбиесі-спорт қоғамы қызметкерлерінің қызмет өткеру тәртібі мен шарттары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 қазан 1992 ж. N 861

Хұқық қорғау органдары қызметкерлерінің шекара және ішкі әскерлердің жеке адам құрамының дене тәрбиесі мен арнайы даярлығын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мүдделі тараптардың келісуі бойынша:

Қазақ республикалық "Динамо" дене тәрбиесі-спорт қоғамының республикалық және облыстық кеңестерінің аппаратындағы "Динамо" шеберлер командасында ішкі істер органдарының орта және аға басшы құрамдағы адамдарымен ауыстыруға жататын лауазымдар тізбесін бекітсін;

ҚРДСҚ "Динамосының" ішкі істер органдарының кадрында тұратын және арнаулы әскери атағы бар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын ішкі істер органдарының басшы құрамындағы адамдардың тиісті категорияларына белгіленген лауазымдық жалақысына қарайлас белгілейтін болсын;

ҚРДСҚ "Динамосының" республикалық және облыстық кеңестері аппаратында, "Динамо" шеберлерінің командаларында ішкі істер органдарының орта және басшы құрамдағы адамдарымен ауыстыруға жататын лауазымдар бойынша шекті арнаулы әскери атақтарды анықтасын.

2. Ішкі істер органдарының орта және басшы құрамындағы адамдармен ауыстыруға жататын ҚРДСҚ "Динамосының" қызметкерлерін ішкі істер органдарының кадрына қабылдауды, сондай-ақ оларға бастапқы әскери атақ беруді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жүргізеді.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2 абзацы күшін жойған - ҚРҰ-нің 1996.12.27.

N 1644 қаулысымен.

P961644_

3. Ішкі істер органдарының кадрында тұратын және арнаулы әскери атағы бар ҚРДСҚ "Динамосының" қызметкерлерін ақшалай және материалдық

қамтамасыз ету Қазақ республикалық "Динамо" дене тәрбиесі-спорт қоғамының қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК